

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

қамқоршылық кеңес төрайымына және кеңес мүшелеріне

Хабарлама

Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылының жоспарына төмендегі қағидаларға байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай-бақшасында қамқоршылық кеңесінің жалпы отырысы 30 мамырда өткізіледі.

1. Балабақшаның І-жарты жылдық есебі

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасындағы қамқоршылық кеңестің І-жарты жылдығының есебі

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңестің І-жарты жылдық бойынша балабақшада атқарылған, жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін. Оған қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып отыр.

Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі.

Жыл қорытындысына тоқтала кететін болсақ, балабақша санитарлық-гигиеналық талаптар бойынша №59 бұйрық негізінде жұмыс жасайды. Медбике тарапынан барлық талаптар бойынша жұмыстар атқарылып отырылады.

Әдістемелік-нұсқаулық жат жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады. Біздің басты міндетіміз:

Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру болып отыр.

Балабақшамызда көктемгі балабақша ауласын көріктендіру жұмыстары бойынша аулаға түрлі ағаштар отырғызылды. Атап айтқанда шие, алма ағаштары отырғызылды. Яғни бұл балабақша ауласын көріктендіру ғана емес балалардың оларға деген қамқорлықтарын, қызығушылықтарын арттыру болып отыр.

Баламен жұмыс жасау әрине үлкен бақыт. Сондықтан да өскелең ұрпақтың болашағын жарқын етіп, өміріне жолдама алуға жағдай жасағысы келсе ізденісті тоқтатпай кәсіби шеберлік пен білім деңгейін арттыра түссе толық нәтижеге жететіні анық. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп жан-жақты қалыптастыру болып отыр.

Осы жерде атап өтетін нәрсе балабақшамыздың қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова тарапынан да балабақшаға үлкен үлесін қосып отырғанын атап өтуіміз қажет. Балаларға арналған түрлі аула безендіру мақсатында заттарын әперіп, бұрыштарды жасақтауда да өз үлесін қосып отырды.

Бала біздің болашағымыз. Балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу барысында жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары ұйымдастырылды. Онда жоспар аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналармен де тығыз байланыс жүргізіліп отырылады.

Медбике тарапынан бала денсаулығын арттыру барысында таңғы дәрумендер ұйымдастырылып отырылды.

Балабақшамызда «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыруда қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова тарапынан өз үлесін қосты. Ол кісіге алғысымыз шексіз.

Қорыта отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарламадағы мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талаптарды жүзеге асыру болып отыр. Жазғы уақытта жазғы сауықтыру шаралары да басталып кетті.

Топтарда жазғы сауықтыру жоспарлары жасақталып, бекітілген.

Жазғы сауықтыру шараларының басты мақсаты-сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін тиімді жағдай жасау.

Жазғы сауықтыру жүйесінде спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары, серуен, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар т.б жұмыстары жүргізіледі.

Бүгінгі отырысымызда сіздерге табыс тілей отырып, бала болашағы үшін алда талай істерді атқарамыз деп ойлаймын.

